

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Үкіметі арасындағы Энергетика саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 маусымдағы N 647 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Үкіметі арасындағы Энергетика саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумның жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі Владимир Сергеевич Школьникке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Үкіметі арасындағы Энергетика саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ
МЕН**

**ҰЛЫБРИТАНИЯ ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК ИРЛАНДИЯ БІРІККЕН
КОРОЛЬДІГІНІҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ
ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

Осы жерде және бұдан әрі "Қатысушылар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі (Қазақстан) және Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Үкіметі (Ұлыбритания) Қатысушылар арасындағы қатынастардағы энергетиканың басты рөлін және оның ғаламдық тұрақтылықты қолдаудағы және экономикалық өсуді, әлеуметтік даму мен экологиялық орнықтылықты қамтамасыз етудегі маңызды рөлін мойындай отырып, энергетика саласындағы екіжақты байланыстарды кеңейтуді қалай отырып, мынадай уағдаластыққа қол жеткізді:

1. Ынтымақтастық мақсаттары

Қатысушылар ортақ мүдделер мен өзара пайда негізінде, өздерінің өкілеттіктері мен мүмкіндіктерінің шегінде әрекет ете отырып, өз мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес осы Меморандумның 2-параграфында айтылған мәселелер бойынша консультациялар өткізуге және ынтымақтасуға ықпал етеді.

2. Ынтымақтастық салалары

Осы Меморандумның 1 параграфының ережелерін іске асыру мақсатында Қатысушылар ынтымақтастықты мынадай салаларда жүзеге асырады, мысалы:

1) энергия өндіруші мемлекеттер мен тұтынушы мемлекеттер арасындағы энергетика саласындағы өзара түсіністікті жақсарту;

2) халықаралық энергия рыноктарының тұрақсыздығын азайту;

3) қолданыстағы заңнаманың шеңберінде сауда-шаруашылық қызметті жүргізу үшін жағдайды жақсарту, оның ішінде: инвестициялық жағдайды жақсарту, мұнай-газ өнеркәсібін басқаруды және оның ашықтығын дамытуды жақсарту және жергілікті ә л е у е т т і д а м ы т у ;

4) барлық қол жетімді әдістермен дәстүрлі және жаңа энергия көздерін пайдалануда ұзақ мерзімдік экологиялық тұрақтылыққа бірлесіп қол жеткізу;

5) іскерлік әріптестікті кеңейту және мұнай-химия, газды кәдеге жарату, ілеспе инфрақұрылымды және сабақтас салаларды, инновациялық технологияларды, ғылымды жетілдіру, білім және біліктілікті арттыру саласындағы ынтымақтастықты қоса алғанда, екі мемлекет өнеркәсібінің энергетикалық салаларының арасындағы ынтымақтастыққа ж ә р д е м д е с у ;

6) энергия көздерінің және халықаралық рынокқа тасымалдау бағыттарының неғұрлым кең әртүрлілігіне қол жеткізу;

7) мұнай мен газды барлау мен өндіруді реттеу және оларға салық салу саласында а қ п а р а т ә р і т ә ж і р и б е а л м а с у ;

8) энергия үнемдеу, энергия пайдалану тиімділігі, жаңартылатын энергия көздері мен жаңа, тиімді және экологиялық таза технологияларды пайдалану саласындағы екіжақты әріптестікті одан әрі дамыту.

3. Үйлестіруші органдар

1) Қатысушылардың ынтымақтастық және консультацияларды жүргізу жөніндегі ү й л е с т і р у ш і о р г а н д а р ы :

Қазақстан тарабынан - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық р е с у р с т а р м и н и с т р л і г і ;

Ұлыбритания тарабынан - Сыртқы істер және Достастық істері жөніндегі м и н и с т р л і к ;

2) үйлестіруші органдар осы Меморандумның 2-параграфында санамаланған ынтымақтастық мәселелері шеңберіндегі қызмет пен прогресс бейнеленетін жыл сайынғы есепті дайындау және келісу үшін жауапты;

3) үйлестіруші органдардың ресми атаулары немесе функциялары өзгерген

жағдайда Қатысушылар дипломатиялық арналар арқылы бір-біріне уақтылы хабарлайды.

4. Меморандумды іске асыру

1) жүргізілетін қызметтің басымдығы мен нақты мазмұны үйлестіруші органдармен келісіледі,

2) ақпарат алмасу Қатысушылардың қолданыстағы заңнамаларының шеңберінде жүзеге асырылады;

3) жүргізілетін ынтымақтастық шеңберінде тақырыптар бойынша консультация беру үшін мамандар шақырылуы мүмкін.

5. Іске асыру жөніндегі шығыстар

Әрбір Қатысушы осы Меморандумға сәйкес жүргізілетін қызметке байланысты қандай да болмасын шығыстарды жеке көтереді.

6. Толықтырулар

Қатысушылардың өзара келісуі бойынша қажет болған жағдайда осы Меморандумға қосымшалар түрдегі өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Қосымшалар осы Меморандумның ажырамас бөлігін құрайтын жеке меморандуммен ресімделеді.

7. Қорытынды ережелер

1) осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Қатысушылардың бірі басқа Қатысушыдан Меморандумның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады;

2) осы Меморандум Қатысушылар тараптары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды;

3) осы Меморандумды түсіндіруге немесе қолдануға байланысты кез келген даулар мен келіспеушіліктер Қатысушылардың арасындағы келіссөздер жолымен ғана шешіледі.

2005 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқалық данада қол қойылды. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Қатысушылар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Үкіметі үшін

*Ұлыбритания және
Солтүстік Ирландия
Біріккен Корольдігінің*